ӘОЖ 631.155

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУДЫ БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

# ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОЦЕНКИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ОТРАСЛЕЙ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА

# EFFECTIVE METHODS OF EVALUATION OF PUBLIC SUPPORT FOR BRANCHES OF AGRICULTURAL SECTOR

**М.А. АЙТКАЗИНА**[1]
доктор PhD
**А.Д. КАРШАЛОВА**[2]
доктор PhD
[1]«Халық шаруашылығы Университеті» АҚ,
[2]Алматы Менеджмент Университеті,

**Аңдатпа. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың сандық бағалау әдістері қарастырылған, оның мақсаттарының негізгі өзгешеліктері мен ЕА экономикалық одақ пен ДСҰ-ындағы формалары, ауылшаруашылық тауар өндірушілерін, әлемдік саудаға (сары қоржын) әсер етуші және елеулі әсер ете алмайтын шаралар (жасыл қоржын), мысалы, ауылдық жерлерде инфрақұрылымдарды дамыту, зілзала болғанда көмек беру мемлекеттік қолдау шаралары. Ең төменгі кепілді баға енгізу механизмі көрсетілген.**

**Аннотация: Рассмотрены методы количественной оценки государственной поддержки сельского хозяйства, основные различия ее целей и форм в ОЭСР и ВТО, меры господдержки сельскохозяйственных товаропроизводителей, влияющие на мировую торговлю (желтая корзина), меры, не оказывающие существенного влияния (зеленая корзина), например развитие инфраструктуры сельской местности, помощь в случае стихийных бедствий и т.д.). Показаны механизмы введения минимальных гарантированных цен.**

**Abstract: The paper highlights methods of quantitative assessment of public support for agriculture, main differences of its objectives and forms in the OECD and the WTO, measures of public support for agricultural producers, affecting global trade (yellow basket), measures which don't have significant impact (green box), for example development of rural infrastructure, assistance in case of natural disasters, etc.). The mechanism of introduction of minimum guaranteed prices have been shown.**

**Ключевые слова: сельское хозяйство, сельхозтоваропроизводитель, количественная оценка государственной поддержки, мировая торговля, инфраструктура, минимальные гарантированные цены.**

**Тұтқалы сөздер: ауыл шаруашылығы, ауылшаруашылық тауар өндірушілер, мемлекеттік қолдаудың сандық бағалау, әлемдік сауда, инфрақұрылым, ең төменгі кепілді бағалар.**

**Keywords: agriculture, agricultural producer, quantitative evaluation of public support, international trade, infrastructure, minimum guaranteed price.**

Әлемдік тәжірибеде ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау деңгейін сапалы бағалаудың көптеген ғылыми негізделген әдістері бар. Экономист ғалымдардың көпші-

лігі ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу тиімділігін реттеудегі қойылған мақсаттарға жету көзқарасы бойынша бағалайды, және де бұл дұрыс бағыт.

Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатының негізгі мақсаттарының бірі Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру болып табылады, бұл үшін осы ұйымның бірқатар нормалары мен қағидаларын орындауды реттеу қажет. Сонымен, 1994 жылғы тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісімнің (ТСБК) Уругвай келісіміне сәйкес (мұнда саудадағы барлық тарифтік емес шектеулерді тарифтік нысанға ауыстыруды, ал бағаларды қолдау деңгейін елеулі түрде төмендетуді талап етеді) аграрлық секторды ішкі қолдауды біртіндеп шектеу қажеттілігі туындайды. Мұндай шектеулер ДСҰ-на кіргеннен кейін Қазақстанға да қатысты қолданылады. Осымен байланысты агроөнеркәсіп кешенін мемлекеттік қолдауды бағалау әдістері және саланы бюджеттік қаржыландыру тетігін өзгерту мәселесі өте өткір әрі маңызды мәселердің бірі болып тұр [1].

Ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау деңгейі осы салаға бөлінетін қаражаттардың санымен анықталады, сондай-ақ оның үнемі арттырылуы ауыл шаруашылығында жағымды нәтижелерге алып келеді деген қате пікір бар. Бірақ, тәжірибеде мемлекеттік қаржы бөлуді қысқарту немесе арттыру ауыл шаруашылығы өнім өндірушілердің нақты жағдайына ықпал етпейді. Аграрлық секторға мемлекеттің араласуының нәтижелерін бағалайтын бірқатар арнайы көрсеткіштер қолданылады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) – демократия өкілдігі және еркін нарықтық экономика қағидаларын мойындайтын дамыған елдердің халықаралық экономикалық ұйымы ауыл шаруашылығы саласын ішкі қолдауды анықтау бойынша ДСҰ көрсеткіштерінен ерекшеленетін өзінің көрсеткіштерін жасап шығарды.

ЭЫДҰ және ДСҰ көрсеткіштері мақсаттары мен құрылу әдістері бойынша айрықшаланады, мұны келесі кесте түрінде көрсетуге болады.

1-кесте. ЭЫДҰ және ДСҰ бойынша қолдауды бағалау мақсаттары мен әдістерінің айырмашылығы

| | ЭЫДҰ | ДСҰ |
|---|---|---|
| Мақсаты | - агросаясат мәселелері бойынша халықаралық сұхбат;<br>- агросаясат мониторингі | - халықаралық сауда міндеттемелерін орындау бойынша бағалау |
| Әдіс | - ауыл шаруашылығы саласы трансферттерінің жиынтығын бағалау;<br>- трансферттерді олардың берілу тәртібінің критериясы бойынша жіктеу | - кеден-тарифтік шаралар есебінен мемлекеттік қолдау есептелінбейді;<br>- сауданы бұрмалау критериясы бойынша жіктеу жүргізіледі |
| Түпкі өнім | - агросаясат мониторингі мәселелері бойынша жыл сайынғы баяндама;<br>- мемлекеттік қолдау бойынша мәліметтер базасы;<br>- елдегі агросаясаттың тиімділігін үлгілеу мәселелері бойынша тақырыптық баяндамалар | - ДСҰ-ның жыл сайынға назарылық хабарламасы;<br>- ДСҰ-да сауда дауларын қарау үшін негіздер |
| | Талдамалық құрал | Заңдық құрал |
| Ескерту – ЭЫДҰ және ДСҰ мәліметтері бойынша құрастырылған | | |

ДСҰ ішкі саясаттың халықаралық сауданың жалпы жағдайына ықпал ету дәрежесін көрсететін AMS (aggregate measure of support) көрсеткішін қолданады.

ЭЫДҰ PSE (producer support estimate) көрсеткішіне маңыз береді, бұл көрсеткіш AMS көрсеткішіне жақын, бірақ кешенді болып табылады және ауыл шаруашылығын мемлекеттік қорғау шараларының кеңірек тізімін, яғни субсидиялар мен жанама шараларды қамтиды.

Кестеден PSE көрсеткіші де, AMS көрсеткіші де екі құрамдасты қамтитынын көруге болады:

- бағалық қолдау
- бюджеттік қолдау.

Ц - ц

Бағалық қолдау = (Market Price Support, MPS ) × Өндіріс көлемі (1)

Сонымен қатар, PSE және AMS көрсеткіштерінде бағалық қолдауды есептеудің

үлкен айырмашылықтары бар. Бұл айырмашылық 3-кестеде берілген.

2-кесте. ЭЫДҰ және ДСҰ қолдау жіктемелерін салыстыру

| ЭЫДҰ | ДСҰ |
|---|---|
| Өндірушіні қолдауды бағалау (PSE)<br>A – өнім өндіруге қолдау көрсету<br>B – қолданылатын ресурстарға қолдау көрсету<br>C – гектарға/ мал басына/ нақты өнімге/ пайдаға (ағымдық деңгейлерге) қолдау көрсету<br>D – гектарға/ мал басына/ нақты өнімге/ пайдаға (базалық деңгейлерге) қолдау көрсету<br>E – гектарға/ мал басына/ нақты өнімге/ пайдаға (өндіріске міндеттемесіз базалық деңгейлерге) қолдау көрсету<br>F – өндіріске қатыссыз критериялар негізінде қолдау көрсету<br>G – басқалар | «Кәріптас қоржыны» (AMS) – ең бұрмаланған қолдау<br><br>Deminims – ауыл шаруашылығы өнімінің құнынан 5% (10%) – ең бұрмаланған қолдау<br><br>«Көгілдір қоржын» – өндірісті шектеумен байланысты қолдау<br><br>«Дамушы елдерге арналған қоржын» |
| Жалпы қызметтерді қолдау бойынша бағалау (GSSE) | «Жасыл қоржын» – минимальды бұрмаланған қолдау |
| Тұтынушыларды қолдау бойынша бағалау (CSE) | |
| Ескерту – ЭЫДҰ мәліметтері бойынша құрастырылған | |

3-кесте. PSE және AMS көрсеткіштерінде бағалық қолдауды есептеу (MPS)

| Параметр/қағида | ЭЫДҰ: PSE | ДСҰ: AMS |
|---|---|---|
| Қандай жағдайда есептейді | Бағаларды қолдау бойынша шаралар қолданылатын болса, кез келген жағдайда, | Әкімшілдендірілген бағалар қолданылатын жағдайда ғана |
| Ішкі баға | - өндірушінің орташа бағасы<br>- ағымдағы жыл үшін | - әкімшілдендірілген баға;<br>- ағымдағы жыл үшін |
| Анықтамалық баға | - шекарадағы орташа баға<br>- ағымдағы жыл үшін | - шекарадағы орташа баға;<br>- ағымдағы жыл үшін |
| Айырбас бағамы | ағымдағы жыл үшін | ағымдағы жыл үшін |
| Бағалық қолдаудың кері мәні | Сақталады немесе жүргізілген саясатпен байланысты нөлге айналады | Нөлге айналады |
| Өндіріс көлемі | Өндірістің жалпы көлемі | Елдер бойынша түрлі тәсілдер: жалпы көлемі және әкімшілдендірілген баға бойынша сатып алулардың көлемі |
| Ескерту – ЭЫДҰ мәліметтері бойынша құрастырылған | | |

Әлемдік сауда жағдайына ықпал ететін ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау бойынша шаралар «сары қоржын» шаралары болып табылады, ал әлемдік сауда жағдайына елеулі түрде ықпал етпейтін шаралар «жасыл қоржын» шаралары болып саналады (мәселен, ауылдық жерлердің инфрақұрылымын дамыту, табиғи апаттар жағдайындағы көмек және т.б.). AMS көрсеткішін есептеу кезінде «жасыл қоржын» шаралары есепке алынбайды [2].

Қолдаудың біріктірілген шаралары үлестік AMS келесі формула бойынша есептеледі:

$$\mathbf{AMS_i} = P - P \quad Q + S - T \ , \qquad (2)$$

мұндағы:

$P^d$ – і өнімге өндірушінің ішкі бағасы;

$\mathbf{P_i^d}$ – і өнімнің әлемдік бағасы;

$\mathbf{Q_i}$ – продукта өнімнің сатылу көлемі;

$S_{i\text{-}i}T$ – і өнімге субсидиялар, салықтар, тек қана «сары қоржынның» субсидиялары.

PSE көрсеткіші (producer support estimate) – өндіруші қолдауды бағалау, үлестік PSEi және пайыздық PSE% бар.

Үлестік PSEi келесі формула бойынша есептеледі:

$$\mathbf{PSE}_i = (P_i^d - P_i^b) + (S_i - T_i), \qquad (3)$$

мұндағы:

$P_i^d$ – і өнімнің ішкі бағасы,

$S_i - T_i$ –тікелей субсидиялар мен салықтар,

$P_i^b$ – анықтамалық баға.

Пайыздық PSE % келесі формула бойынша есептеледі:

$$PSE\% = \frac{PSE_i}{\frac{\sum P_i^d Q_i}{i} + (S - T)} \times 100\% \quad , \qquad (4)$$

мұндағы:

$\sum P_i^d Q_i$ – елдің ішкі бағасы бойынша сатылған өнімнің құны.

1-суретте өндірушіні қолдауды бағалау (PSE) қағидалары көрсетілген.




1-сурет. PSE өндірушіні қолдауды бағалау

Ескерту – ЭЫДҰ мәліметтері бойынша құрастырылған

Елде ауыл шаруашылығы саласын мемлекттік бюджеттік қолдауды есепке алуда түрлі көрсеткіштерді қолдану кезінде бірқатар айырмашылықтары болады, мұны 4-кестеде бейнелеп отырмыз.

Қолдауды бағалау шараларын енгізудің негізгі ережелері:

PSE көрсеткішіне симметриялы түрде азық-түліктік саясаттың тұтынушыларға ықпалын көрсететін түтынушыларға субсидиялар эквиваленті де (CSE) есептелінеді. [2,с.18]. Үлестік CSE көрсеткішінің түбегейлі формуласы келесідей түрде болады:

$$CSE_i = \left(P_{ri}^d - P_i^r\right) + S_i, \qquad (5)$$

мұндағы:

$P_{ri}^d$ – і өнімнің ішкі бөлшек бағасы;

$P_i^r$ – анықтамалық баға;

$S_i$ – мемлкеттің азық-түліктік саясатының нәтижесінде і өнімнің тұтнушыларына жанама бюджеттік дотация.

PSE жағдайындағы сияқты жалпы CSE және пайыздық CSE есептелінеді. Пайыздық CSE көрсеткішінің алгебралық формуласы келесідей:

$$CSE_{\%} = \frac{CSE}{\sum_i Q_i \times P_{fi}^d} \times 100\% \quad , \qquad (6)$$

мұндағы: $Q_i$ – і өнімін тұтыну көлемі.

4-кесте. PSE және AMS көрсеткіштеріндегі бюджеттік қолдауды есепке алу: айырмашылықтардың бірқатар мысалдары

| Қолдау түрлері | ЭЫДҰ: PSE | ДСҰ: AMS |
|---|---|---|
| Өндірістің шектеулігімен байланысты гектарына немесе мал басына төлемдер | Қосылады, төлемдер тәртібіне байланысты С немесе D категориясына жатады | Егер белгіленген критерияларға сәйкес болса, «көгілдір қоржында» есепке алынады |
| Өндіріске қатысы жоқ табыстарды қолдау | Қосылады, төлемдер тәртібіне байланысты D немесе E категориясына жатады | Егер белгіленген критерияларға сәйкес болса, «жасыл қоржында» есепке алынады |
| Экологиялық төлемдер | Қосылады, төлемдер тәртібіне байланысты B,C,D,E немесе F категориясына жатады | Егер белгіленген критерияларға сәйкес болса, «жасыл қоржында» есепке алынады |
| Табиғи апаттармен байланысты төлемдер | Қосылады, төлемдер тәртібіне байланысты A, B, C категорияларына жатады | Егер белгіленген критерияларға сәйкес болса, «жасыл қоржында» есепке алынады |
| Инвестицияларды қаржыландыру | Қосылады, төлемдер тәртібіне байланысты B категориясына жатады | Егер белгіленген критерияларға сәйкес болса, «жасыл қоржында» есепке алынады |

Ескерту – ЭЫДҰ және ДСҰ мәліметтері бойынша құрастырылған

CSE есептеу кезінде азық-түліктік саясат шараларының екі түрі назарға алынады (2-сурет):

– азық-түліктік саясат нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласындағы өндірушілердің өнімдерін тұтынушылардан трансферттер (нарықтық трансферттер), мысалы, ең төменгі кепілдендірілген бағалар;

– азық-түліктік саясат нәтижесінде тұтынушыларға бюджеттік төлемдер (басқа да трансферттер), мысалы, мектептердегі тегін сүт бағдарламасы [2,с.19].




2-сурет. CSE тұтынушыларды қолдауды бағалау сызбасы

Ескерту – ЭЫДҰ мәліметтері бойынша құрастырылған

PSE және CSE көрсеткіштері оң да, теріс те болуы мүмкін. Оң эквивалент кезінде позитивті қолдау, яғни өндірушілерді немесе тұтынушыларды субсидиялау жөнінде айтуға болады, ал теріс эквивалент кері қолдауды, яғни артық салық салуды білдіреді. Сондай-ақ оң PSE теріс CSE көрсеткішімен жиі қатарласып жүреді, және керісінше, өйткені ауыл

шаруашылығы өнімін өндірушілерді қолдау көбінесе тұтынушылар есебінен жүзеге асырылады, ал тұтынушыларға тамақтану өнімдеріне берілетін дотациялар ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге артық ауыртпалық болып келеді.

Ең төменгі кепілдендірілген бағаларды енгізу кезінде кеңінен қолданылатын тетік негізінен азық-түлікті тұтынушылар есебінен жүзеге асырылады. Егер бұл ұлттық саясаттың негізгі шарасы болса, онда мұндай ел үшін басқа жағдайлар бірдей болғанда, PSE оң болады, ал CSE – теріс.

Ауыл шаруашылығы саласындағы өндірушілерге тікелей төлемдер өнімнің бірлігіне шаққандағы түсімдерді нақты түрде арттырады, яғни өндірушілер үшін олардың өнімдерінің тиімді бағасы артады. Сонымен қатар, тұтыну бағалары көтерілмейді. Бұл мағынадағы PSE өсімі CSE қысқаруымен байланысты болмайды.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*


1 Доклад ОЭСР «Сельскохозяйственная политика в странах ОЭСР и странах с формирующейся рыночной экономикой: мониторинг и оценка [Электронный ресурс].-2013: // http: // www.oecd.org/publishing / corrigenda (дата обращения 25.03.2016)

2 Review of Agricultural policies Markets and Trade in OECD Countries: Monitoring and Evaluation [Электронный ресурс].-2014: http:// www.oecd.org/ (дата обращения 15.03.1973)

3 Субсидирование сельского хозяйства: заявленные цели и действительные результаты. Немецкая экономическая группа: Исследовательский центр Института приватизации и менеджмента. - 2003.- С.45-49.

4 Молдашев А.Б., Никитина Г.А. Межгосударственное сотрудничество в сфере агропромышленного комплекса стран ЕАЭС и Центральной Азии //Проблемы агрорынка.- 2015.- №2.- С. 5-12.

5 Баранова Н.А. Государственная поддержка аграрного сектора экономики // Проблемы агрорынка. - 2015.- №4.- С. 44-51.


### *Pajdalanylғan ədebietter tizimi*


1 Doklad OJeSR «Sel'skohozjajstvennaja politika v stranah OJeSR i stranah s formirujushhejsja rynochnoj jekonomikoj: monitoring i ocenka [Jelektronnyj resurs].- 2013://http://www.oecd.org/publishing/corrigenda (data obrashhenija 25.03.2016)

2 Review of Agricultural policies Markets and Trade in OECD Countries: Monitoring and Evaluation [Jelektronnyj resurs].-2014: http:// www.oecd.org/ (data obrashhenija 15.03.1973)

3 Subsidirovanie sel'skogo hozjajstva: zajavlennye celi i dejstvitel'nye rezul'taty. Nemeckaja jekonomicheskaja gruppa: Issledovatel'skij centr Iinstituta privatizacii i menedzhmenta. - 2003.- S.45-49.

4 Moldashev A.B., Nikitina G.A. Mezhgosudarstvennoe sotrudnichestvo v sfere agropromyshlennogo kompleksa stran EAJeS i Central'noj Azii //Problemy agrorynka.- 2015.- №2.- S. 5-12.

5 Baranova N.A. Gosudarstvennaja podderzhka agrarnogo sektora jekonomiki // Problemy agrorynka. - 2015. - №4. - S. 44-51.


предприятиям, изготавливающим сок без применения концентратов, относятся ЗАО «Русский Колос» и ИП Чикобава, которые имеют собственные сады и производят пастеризованный яблочный сок прямого отжима, т.е. являются предприятиями с законченным циклом производства. Обобщение опыта работы данных предприятий позволило расчетным путем выявить эффективность внедрения технологической линии по производству сока прямого отжима на примере одного из садоводческих предприятий Саратовской области – ООО «Деметра» Ртищевского района. Организация внутрихозяйственной переработки на предприятии с применением австрийского оборудования VORAN позволяет увеличить выручку от реализации на 166% в сравнении с производством без переработки продукции, при этом прибыль от реализации увеличится на 76%.

На выходе к потребителю розничная цена такого сока составит 98,01 руб. за 1 литр с

учетом надбавки торговой сети. Стоит также отметить, что полученный сок будет гораздо дешевле импортных аналогов (таблица 3).

Таблица 2 – Список предприятий Саратовской области по переработке плодовой продукции

| Наименование предприятие | Местонахождение | Ассортимент производимой продукции |
|---|---|---|
| ОАО «Черемшанское» | Хвалынский район, г. Хвалынск | Плодоовощные соки в упаковке Tetra Pack, плодовоягодное повидло, плодоовощные консервы |
| ООО «Покровский консервный завод» | Энгельсский район, п. Новопушкинский | Плодоовощные соки, консервы, томатопродукты |
| ООО «Ширококарамышский консервный завод» | Лысогорский район, с. Широкий Карамыш | Плодоовощные соки |
| ООО «Плодовое-2009» | Вольский район, г. Вольск | Плодоовощные соки |
| ООО «Базарно-Карабулакский консервный завод» | Базарно-Карабулакский район, п. Б. Карабулак | Плодоовощные соки, консервы |
| ЗАО «Русский колос» | Романовский район, п. Константиновский | Яблочный сок прямого отжима, яблочный сок прямого отжима с добавлениями сока натуральных ягод |
| ИП Чикобава | Хвалынский район, с. Подлесное | Яблочный сок прямого отжима |
| Завод НПГ «Сады Придонья» | Ртищевский район, п. Ртищевский | Соковые концентраты |
| Примечание – Составлена по данным Министерства сельского хозяйства Саратовской области | | |

Таблица 3 – Ценовая привлекательность соков прямого отжима местного производства

| ***Розничная цена 1 литра сока прямого отжима, руб.*** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| отечественного производства | импортного производства | | | |
| | "Natur Pur" Германия | "Eos Bio" Германия | "Bioitalia" Италия | "Coteaux Nantais" Франция |
| 98,01 | 253,33 | 393,33 | 455,60 | 360,00 |
| ***Экономия при покупке сока собственного производства в сравнении с импортными аналогами, руб.*** | | | | |
| - | 155,32 | 295,32 | 357,59 | 261,99 |

Итак, исследования показали преимущество создания интегрированных структур и углубления внутрихозяйственной специализации, как для садоводческих предприятий, так и в целом для регионального АПК, которые заключаются в следующем:

- достижение высоких экономических показателей за счет объединения усилий в сфере производства и переработки продукции, с поддержкой научных учреждений и органов государственной власти;
- получение дополнительного экономического эффекта участниками интегрированных структур за счет создания отлаженной системы материально-технического обеспечения, хранения и сбыта продукции;
- решение проблемы сбыта нестандартных плодов и падалицы посредством направления данной продукции непосредственно после съема в организованное внутри предприятия перерабатывающее производство;
- повышение экономической эффективности производства за счет получения дополнительной прибыли от реализации сока;
- вытеснение импортных аналогов сока прямого отжима, отличающихся дороговиз-

ной по сравнению с продукцией местного производства.

Резюмируя вышеизложенное, можно констатировать, что интеграция и углубленная переработкой специализация позволяют достигнуть на садоводческих предприятиях высоких производственно-экономических результатов, повысить конкурентоспособность местной продукции, обеспечить более полное удовлетворение потребностей населения в продукции, что способствует импортозамещению и положительным образом влияет на рыночные отношения в региональных АПК.

***Список использованных источников***

1 Белокопытова Л.Е., Павленко И.В., Кудряшова Е.В. Агропродовольственный рынок региона: проблемы формирования и развития // Фундаментальные исследования. - 2015. - №8-1. - С.193-197.

2 Родионова О.А. Развитие интеграции в агропродовольственном секторе России // Проблемы агрорынка.-2010.- №4.-С. 46-50

3 Накипова Г.Н. Процессы интеграции в АПК Казахстана //Проблемы агрорынка.- 2013.- №3.- С. 51-56

4 Сучкова Н.Р. Влияние интеграционных процессов на повышение экономической эффективности функционирования отрасли садоводства / Аграрная наука в XXI веке: проблемы и перспективы: Сборник статей IX Всероссийской научно-практической конференции. – Саратов: Буква, 2015. – С. 406-409.

5 Минаков И. Интеграционные процессы в плодоконсервном подкомплексе // АПК: Экономика, управление.- 2014.- №7.- С.35-42.

6 Черняев А.А., Павленко И.В., Кудряшова Е.В. Процессы интеграции – фактор оптимизации межотраслевых отношений в АПК // Аграрный научный журнал. – 2014. - №12. – С. 94-100.

***Spisok ispolzovannyh istochnikov***

1 Belokopytova L.E., Pavlenko I.V., Kudrjashova E.V. Agroprodovol'stvennyj rynok regiona: problemy formirovanija i razvitija // Fundamental'nye issledovanija.- 2015. - №8-1. - S.193-197.

2 Rodionova O.A. Razvitie integracii v agroprodovol'stvennom sektore Rossii // Problemy agrorynka.-2010.- №4.- S. 46-50.

3 Nakipova G.N. Processy integracii v APK Kazahstana //Problemy agrorynka.- 2013.-№3.- S. 51-56.

4 Suchkova N.R. Vlijanie integracionnyh processov na povyshenie jekonomicheskoj jeffektivnosti funkcionirovanija otrasli sado-vodstva / Agrarnaja nauka v HHI veke: problemy i perspektivy: Sbornik statej IH Vserossijskoj nauchno-prakticheskoj konferencii. – Saratov: Bukva, 2015. - S. 406-409.

5 Minakov I. Integracionnye processy v plodokonservnom podkomplekse // APK: Jekonomika, upravlenie. – 2014.- №7.- S. 35-42.

6 Chernjaev A.A., Pavlenko I.V., Kudrjashova E.V. Processy integracii – faktor optimizacii mezhotraslevyh otnoshenii v APK // Agrarnyj nauchnyj zhurnal. – 2014. - №12. – S. 94-100.